



«БЕКІТЕМІН»

«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи парк» РММ-нің
Бас директоры

Ж. Б. Тыныбеков Тыныбеков Ж. Б.
"17" *Наурыз* 2022 ж.

«ПАРКТЕР ШЕРУІ 2022» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ "ҚР Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі, экология, геология және табиғи ресурстар комитеті" РММ-нің 2022 жылғы 04 наурыздағы № 27-2-17/529-И бұйрығына сәйкес Сіздерді «Парктер шеруі 2022» жыл сайынғы халықаралық табиғатты қорғау акциясына қатысуға шақырады.

Мақсаты:

Халықты экологиялық ағарту, ұлттық парк аумағының проблемаларына назар аудару, біздің табиғи және мәдени байлығымызға мақтанш сезімін ояту.

Міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдерді туған өлкенің табиғатын зерттеуге тарту;
- балалар мен жасөспірімдерде табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру;
- акцияға қатысушылардың белсенді өмірлік ұстанымын тәрбиелеуге ықпал ету;
- өскелең ұрпақтың бойында сұлулық сезімін қалыптастыру.

Жұмыстарды қабылдау уақыты: 2022 жылдың 23 Наурызынан 29 Сәуіріне дейін.

Қатысушылардың жас аралығы:

- 1 санат - 2 жастан 7 жасқа дейін
- 2 санат – 8 жастан 14 жасқа дейін
- 3 санат - 15 жастан 18 жасқа дейін

«Парктер шеруі 2022» акциясының ұраны: «Табиғатты қорғайық, болашақты сақтайық!».

Парктер шеруі бағдарламасы 2022:

- A1 «Құстар үйі» құс үйін дайындау байқауы
- A2 «Адам және табиғат» экологиялық қабырға - газеті
- A3 «Мен таза табиғат үшін» экологиялық акциясы Хештэг #МПКатон2022
- A4 «Қар барысы» макетін дайындау байқауы
- A5 «Пайдаланылған заттарға екінші өмір» экспозиция байқауы
- A6 «Катонқарағай ұлттық паркінің жануарлары» суреттер байқауы

Қатысу шарттары:

Қатысушылардың жас шектеуі: 2 жастан 18 жасқа дейін

Бір қатысушы тек **1 байқау номинациясының біреуіне** өтінім бере алады.

- **№1 қосымшаға** сәйкес белгіленген нысан бойынша толтырылған өтінім әрбір жұмысқа ұсынылуы тиіс.
- Толық толтырылмаған және қол қойылмаған өтінімдер қабылданбайды. Жұмыс Байқаудан алынады.
- Instagram парақшасында **#МПКатон2022** хештэгімен **«Мен таза табиғат үшін» экологиялық акциясынан** басқа барлық жұмыстар мен өтінімдер ШҚО Катонқарағай ауылы, Жампейісов көшесі 16а мекенжайы бойынша экологиялық ағарту және туризм бөлімінде қабылданады.
- Ұйымдастырушылардың атына жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Үздік жұмыстар ресми сайтта www.br.katonkaragai.kz, Facebook, instagram, youtube әлеуметтік желілеріндегі парақшалардың интернет-галереясында жарияланады.
- Конкурсты ұйымдастырушылар мен оның серіктестері ұсынылған жұмыстарды көрмелерде, баспа өнімдерінде және әлеуметтік жарнамада пайдалануға құқылы.

Жұмыстарды ресімдеу бойынша талаптар:

Барлық жұмыстар ШҚО, Катонқарағай ауылы, Жампейісов көшесі 16а, экологиялық ағарту және туризм бөліміне жіберілісін.

A1 «Құстар үйі» құс үйін жасау байқауы

Байқауға қатысу үшін 1 қатысушыға немесе қатысушылар тобына (3 адамнан артық емес) өз қолдарымен құс үйін жасау. Қатысушының аты-жөнін (жеке жұмыс), топтың немесе ұйымның атауын (ұжымдық жұмыс) көрсете отырып жұмыспен алып келу талап. Атауы жоқ жұмыстар конкурсқа қабылданбайды.

A2 «Адам және табиғат» экологиялық қабырға- газеті

Табиғатты қорғау және ұқыпты қарау тақырыбында қабырға-газетін жасаңыз. Жарқын тақырыпты ойлап табыңыз, қабырға-газетін әдемі және ұқыпты безендіріңіз.

A3 «Мен таза табиғат үшін» экологиялық акциясы Хештэг #МПКатон2022

Қатысушылар таулы аумақтарды немесе оларға іргелес аумақтарды қоқыстан тазарту бойынша акция өткізуі қажет. Инстаграм әлеуметтік парақшасына жүктеп #МПКатон2022 хэштегін міндетті түрде көрсете отырып, фотоесепті жариялау қажет.

A4 Конкурс изготовление макета «Снежный барс»

Для создания макета могут быть использованы различные материалы и технологии. Размер макета ограничен, не должен превышать 35 см в высоту, 50 см в длину и 50 см в ширину.

A4 "Қар барысы" макетін дайындау

Макетті жасау үшін әртүрлі материалдар мен технологияларды қолдануға болады. Макеттің мөлшері шектеулі, биіктігі 35 см, ұзындығы 50 см және ені 50 см аспауы керек.

A5 "Пайдаланылған заттарға екінші өмір" экспозиция байқауы

Күнделікті өмірде әртүрлі заттарды стандартты емес "лайфхак" пайдалану үшін қалдық материалдардан, қайталама шикізаттан, тұрмыстық ұсақ-түйектерден, қолөнер жасау керек. Ескі заттарға - компакт-дискілерге, пластикалық бөтелкелерге, қораптарға, ескі джинсы мен басқа да импровизацияланған материалдарға жаңа өмір ойлап табыңыз.

A6 "Катонқарағай ұлттық саябағындағы жануарлар" суреттер байқауы

- суреттер сайыстың тақырыбына сай болуы керек;
- сурет қатысушының өзіндік жұмысы болуы керек;
- жұмыс форматы-А3;
- суреттер электронды түрде қабылданбайды;
- жіберілген жұмыстар қайтарылмайды;

Жеңімпаздарды марапаттау:

Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар алғыс хаттармен, мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Жеңімпаздарды марапаттау **2022 жылдың 25 мамырында өтеді**. Жеңімпаздардың тізімі Катонқарағай ұлттық паркінің www.br.katonkaragai.kz сайтында және Instagram, Facebook әлеуметтік желілеріндегі парақшаларда жарияланады.

Срок: Работы, по каждой Конкурсной номинации представляются на рассмотрение жюри **до 29 апреля 2022 года** по адресу ВКО, село Катон-Карагай, улица Жампейсова 16А, отдел экологического просвещения и туризма.

Жұмыс мерзімі: Әр байқау номинациясы бойынша қазылар алқасының қарауына 2022 жылдың 29 сәуіріне дейін ШҚО, Катонқарағай ауылы, Жампейсов көшесі 16а, экологиялық ағарту және туризм бөлімі мекен-жайы бойынша ұсынылады.

Контакты: По всем интересующим вопросам и предложениям обращаться по номеру отдела экологического просвещения и туризма **8 (72342) 2-97-96 katontourism@mail.ru**. Айгүль 8 778 839 53 39

Байланыс: Барлық сұрақтар мен ұсыныстар бойынша экологиялық ағарту және туризм бөлімінің **8 (72342) 2-97-96** нөміріне хабарласуға болады **katontourism@mail.ru**. Айгүл 8 778 839 53 39